

№11 Дәріс. Саясат философиясындағы саяси болжам мәселесі

Дәрістің мақсаты: Саяси болжамның негізгі мүмкіндіктерімен оның ішкі логикасын студенттерге жан жақты түсіндіру.

Дәріс жоспары

1. Болжамның жалпы мінездемесі.
2. Саяси болжам және оның маңыздылығы
3. Саяси болжамның негізгі мүмкіндіктерімен ішкі логикасы

Болжамның негізгі мүмкіндіктері болып, болашақ процесс пен көріністерді болжауға мүмкіндік беруінде. Негізінен себеп-салдарлық қатынастарға байланысты алдағы болашақта болатын жағдайларды болжай алады. Кәсіби физик адам профессионалды емес физик адаммен салыстырғанда физика ғылымы саласында дұрыс болжамдар жасай алады. Бұл саясатқа да қатысты.

Саяси өмірдің ішкі логикасын, дамуы мен қызметінің механизмдерін көре білу арқылы белгілі бір саяси іс-әрекеттердің анықталған салдарларын болжап білуге болады. Бұл тұста назар аударарлық нәрсе, салдар әр түрлі себептерге қатысты туындауы мүмкін. Болжам негізінен діни сенімге, астрологияға, өмірлік тәжірибеге және ғылыми мәліметтерге негізделеді. Дінде ең бастысы тылсым күштерге сену. Бұрынғы уақыттарда қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруімен, материалды жағдайлардың жақсаруымен адамдар құдайға сенуден қалып, бақсы-балгерлерге, құмалақшыларға барудан қалып, атеистік көзқарасты ұстанады.

Әрине, адамдардың материалдық жағдайы оның діни көзқарастарының өзгеруіне тікелей әсер етеді. Әрдайым ішерге ас пен басына баспана іздеп жүретін адам діннің ықпалына тез беріле салады, себебі соңында оған Құдай көмектесе салады деп үміттенеді. Онымен қоса, діннің ықпалы, әсіресе елде қиын жағдайлар мен дағдарыс болған кезде күшейеді. Бірақ бәрібірде егер адамдардың бәрін бай және әулетті қылдырса да, әлеуметтік катаклизмдерді шектеген жағдайдың өзінде де діни ықпал ешқашан да жоғалмайды. Сонымен қатар мемлекеттегі барлық елге жоғарғы білім берген күннің өзінде де бұл жоғалып кетпейді.

Көптеген ақылды оқымыстылар негізінен дінуге сенушілер болып келген. Бұл тұста ескере кетерлік бір жайт, адам- өзінің өмірінің уақытша, жалған өмір екендігін білетін жалғыз хайуан. Расселдің жазуы бойынша, қорқыныш инстинкті өлім алдындағы ең маңызды эмоциялардың бірі болып табылады. Бірақ ерте ме кеш пе, адам өлетін болғандықтан, өлгеннен кейін де о дүниге баратыны туралы түрлі сенімдерге үмітпен қарайды. Ал бұл сенімдерді адамның санасында қалыптастыратын осы діни түсініктер болып саналады. Аврелий Августиннің өзінің бір айтуында талай қасіреттен кейінгі мәңгілік өмір туралы естігендігін айтады. Қиын жағдайларда дінге сенуші адам қиын сағаттарда бақсы-балгерлерге барып, өз болашағы туралы естіп,

соған сенгілері келеді. Болашақты болжау діни сенімде тек жеке өмірде ғана емес, қоғамдық өмірде де қолданылады. Кезінде атикалық әлем кезінде әскери жорыққа шығар алдында жрецтердің алдына келіп қайтатын болған. Парсылықтармен болатын жорыққа дайындалатын кезде Александра алдағы болатын жорық туралы Құдайдан сұрау үшін Дельфыға барған болатын. Бірақ та оны барған кезі заң бойынша болжауға болмайтын кезбен тұспа-тұс келіп қалады. Алдымен Александр абызға өз адамын жіберіп, храмға келуін сұрайды, алайда абыз заңға сүйеніп бармай қояды, сол кезде бақсы өзі оны храмға күшпен алып келу үшін барады. Сол кезде абыз патшаға «Сені ешкім жеңе алмайды» деп айтқан болатын. Сол кезде Александр маған керек оракулды алдым, енді одан артық көріпкелдіктің маған керекгі жоқ дейді.

Әрине, қазіргі кезде саясаткерлер мен мемлекет қайраткерлері абыздардың көмегіне сүйенбейді. Бірақ олардың көпшілігі, сенуші бола тұрса да, діни культтардың көмегіне ел басқару кезінде сүйеніп жатады. Ертеде пайда болған астрологияны белгілі бір көріпкелдікке жатқызу қиындық туғыздырады. Айқын нәрсе біреу: қазіргі заманда адамның, халықтың, мемлекеттің тағдырын болжаған кезде абыздар мен бақсылардың орнына жұлдызнамашларға, астрологтардың көмегіне сүйенеді. Осы саланың кәсіби специалисттері астрологтардың жұмысының маңыздылығын көрсетеді.

Бұл тұста С.Вронскийдің «Астрология. Діндарлық па, әлде ғылым ба?». Автор әлемде барлық нәрсенің бір-бірімен байланысты екендігін жазады. Мәселен, адам тағдыры мен жеке қасиеттері геокосмостық факторлармен, яғни жалпыға бірдей табиғат заңдарымен және биологиялық шарттармен анықталады. Адамның мораль мен этикасындағы, өмір салтындағы физикалық және психикалық дамуына оның атадан балаға тартатын белгілері, тәрбиесі мен білімі әсер етеді. Бұның бәрі дұрыс, бірақ бәрінің жұлдыз-жорамалға тікелей қатысы бар ма? Бұл тұста С.А. Вронскийдің белгілі бір болжамға толықтай сене салуға болмады. С.А. Вронский 23 қазан мен 22 қараша аралығында туылған балаларға мінездеме беріп кеткен болатын (10 қараша). Менің жұлдыз жорамалым – Сарышаян. Бұл мезгілде туылған балалар энергиясы мол, тәкаппар, өзімділдеу болып келеді және де оларды мистикаға, ә демі әрі өзгеше заттарға тартып тұрады. Олар табиғат пен жан-жануарды жақсы көреді, негізінен күдікшіл және секемшіл болады. Бірақ та бұл айтылған мінездердің көпшілігі менің табиғатыма сай келмейтін.

Мысалға менің мистикаға, әдемілік пен әсемдікке мүлдем қатысым жоқ болды, ешқашан жануар мен табиғатқа, саяхат-жорықтарға да қызығушылығым болмайтын. Бірақ алдағы болатын соғыстың немесе революцияның, экономикалық дағдарыстың нәтижесін астрология арқылы анықтай салуға болып дегенге сену қиын. Болжам жасау негізінен тереңділік түрден гөрі талай жылғы тәжірибеге сай өмірлік тәжірибеге сүйенеді. Мысал келтіріп көрсек, белгілі бір келеңсіз жайт менің басымнан өтті делік, одан кейін мен ондай жағдай болмау үшін сондай жағдайдан қашып жүретін боламын. Ескере кетер бір жайт, адам әрдайым белгілі бір мақсаттың артында жүреді, бірақ оның нәтижесі ойдағыдай шықпай қалуы да

мүмкін. Бірақ қатардағы адам болсын, мемлекет басындағы адам болсын оған максимальды түрде өз мақсатын орындау үшін тырысу қажет.

С.А.Вронскийдің «Астрология: діндарлық па әлде ғылым ба?» еңбегінде жасалған болжамның бәрі де негізсіз алынбаған, яғни дәлелі бар ғылыми болжамдар жасалған. Ғылымның алдына қойған мақсаты – объективті әлемнің заңдылықтарын ашу, даму логикасының механизмдерін дамыту. Ғылымның атқаратын міндеттерінің қатарына алда болатын жағдайларға болжам жасау, талқылап алда ненің күтіліп тұрғанын айту. Ғылыми болжам объективті шынайылықтың динамикалық және статистикалық заңдарымен тікелей байланысты болып келеді. Біріншіге негізінен белгілі бір күйдің нақты анықталған себептері болуынан байланыс себептерін көрсетеді. Мысалы бәрімізге белгілі Мәскеуден шығатын поезд Псков арқылы аттанады және онда Сидоровтың пассажиры болу үшін, Сидоровтың Псковқа аялдайтыны белгілі болу қажет.

Ал енді екіншіге келер болсақ, онда жағдай гетерогенды болып келеді де, сол себепті алда не болатынын болжап айта алмайсың. Статистикалық заңдылық - жаппай құбылыстардың заңдылығы. Шындығына келгенде, барлық заңдылықтар статистикалық сипатқа ие болады, себебі бізді қоршаған әлем өте көпжақты және күрделі болып келгендіктен динамикалық заңдылықтарды игере алмай қалуы мүмкін. Жолаушы Сидоров Псковта аялдамай қалу мүмкіншілігі зор, себебі ол кез келген басқа бір станциядан түсіп қалуы немесе поезда аурып, ауруханаға түсіп қалуы мүмкін. Қоғамда болатын процестердің болжамы негізінен тарихқа, социологияға, статистикаға, демографияға, саясатқа, философияға және басқа да гуманитарлық ғылымдарға негізделіп жасалады. Бұдан шығатыны әлеуметтік болжамның қиын болатыны утопиялық теория мен концепцияға сүйенеді. Италияндық ойшыл Кампанелланың «Күн қаласы» атты еңбегі өте сұранысқа ие және де өзінде утопиялық мазмұнды ұстанады.

Утопиялық көзқарастар Сен-Симон, Фурье, Оуэнның әлеуметтік өмірді зерттеуге ат үсті қарап, оны түбіне жететіндей зерттемей, өздерінде кереметтей идеялар бола тұрса да, адамның даму заңдылықтарын толық ашпай кеткен болатын. Басқаша айтар болсақ, бұл көзқарастар әлеуметтік процестердің ішінде қатаң түрде ғылыми анализге сүйенген болатын. Бұған біз бір тура шыққан ғылыми мысал келтірсек те болады. Әңгіме барысы Энгельс-114-тің ғылыми болжамы туралы болмақ. Бұл бұған дейін болмаған көлемдегі, бұған дейін болмаған күшті соғыс болатын еді. Сегіз миллионнан он миллионға дейін солдат бір-бірін қылқындырып, Еуропаны соншалықты қатал тазартып шығады. Отызжылдық соғыс алып келген талқандаушылық, бүкіл континентке таралған аштық, эпидемиялар, әскердің ғана емес, халық көпшілігінің жабайылануы, сауда, өндіріс және кредитте құрылған механизмнің үмітсіз былығы, бқның барлығы жаппай банкроттыққа алып келеді, ескі мемлекеттер мен кертартпалық мемлекеттік даналықтың құлауы – соншалықты, тіпті төсемелі жолдарда дожна короналар жататын ... егер өзінің шегіне жеткен әскери қаруланудағы бәсекелесу жүйесі өзінің шарасыз нәтижесіне жететін болса, келешек осындай болмақ. Міне, король мырзалар,

сіздердің даналықтарыңыз Еуропаны осындай жағдайға алып келді». Бұл жолдарды Энгельс 1887 жылдың 15 желтоқсанында жазған болатын. Шынымен, 27 жылдан кейін Германия жеңіліс тапқан алғашқы дүниежүзілік соғыс басталды. Энгельстің көптеген сөздері осы соғыстың оқиғаларымен дәлме-дәл дерлік тура келгенін назарсыз қалдыруға болмайды (ол төрт жылғы созылды, миллиондаған адам қатысты және т.б.). бұл Энгельстің қоғамның дамуы мен қызмет ету заңдылықтарын зерттеу барысында жасаған жорамалдарының ерекше мысалы.

Болжаудың тағы бір мысалын келтіруге болады. Қасиетті Елена аралында жер аударылған кезінде Наполеон І әлем - немесе американдық республика, немесе жалпыорыс монархиясы болады деп болжаған болатын. Француз императоры қателеспеді, себебі биполярлы әлемде шынымен АҚШ пен КСРО үстемдік етті. Кемеңгер Наполеон бұндай болжамдарды өз заманының саяси өмірін өте жақсы білуінің негізінде жасайтын. Бірақ кез келген болжам ықтималдық сипатта болады. Болашақтағы қандай да құбылысты нақты болжау үшін көптеген шарттардың орындалуы қажет, ал бұл үздіксіз өзгермелу әлемде мүмкін емес. Алайда, адам өз әрекеттерінің артын болжауға тырысуды тоқтатпайды. Маркс К. Энгельс Ф. Соч. Т. 2 1 . С. 361 . 0-6035 145 Саяси болжам. Саясаткерге қажетті қасиет – саяси әрекеттердің салдарын болжай алу. Саясаткер қателер мен талпыныстар арқылы әрекет ете алмайды. Ол миллиондаған адамның өмірі, өзіне сеніп тапсырылған мемлекет үшін жауапты, және ол, шахмат ойыншысы сияқты, кез келген шешімді қабылдамас бұрын бірнеше қимыл алдын ала санау керек, өзінің кез келген саяси қимылын мұқият ойлап, тек содан кейін саяси қимылдарға кірісуі керек. Көптеген саясаткерлердің қасіретіне алып келетіні – олар өз мемлекетінің ішкі және геосаяси қызығушылықтары жайлы ештеңе білмей тұрып, ойланбай, асығыс қимылдар жасауында. Нәтижесінде бұл неықпалдың жоғалуына не мемлекеттің құлауына алып келеді. Іске әділдікпен қарасақ, мұндай саясаткер сатқын болып келеді, субъективті ол адал адам болуы мүмкін.

Саясаткер салқын қанды, бірақ жылы жүректі болуы керек. Ол қз сезімдеріне емес, орын алған жағдайға сүйеніп шешім қабылдауы тйіс. Саясаткер – ол реалист, романтик емес, және өз шешімдерін катал шындықпен салыстыруы керек. Бұл, біріншіден, мемлекеттік ішкі жағдайын, оның экономикалық қуатын, таптық қарым-қатынастарды жетік білу, екіншіден, мемлекеттің геосаяси қызығушылықатырн білуды білдіреді. Ұлы мемлекеттердің геосаяси қызығушылықтары ұсақ мемлекеттердікінен өзгеше. Ергежейлі мемлекеттің басшысы әлемдік саяси мәселелерді шешуге үміттені алмайды. Бірақ ұлы мемлекеттің басшысы, егер саяси қимылдарының нәтижесін болжай алмаса, өз державасының экономикалық және басқа да потенциалын бағалай алмаса, ақыр соңында бәрнен айырылып қалуы мүмкін.

Кез келген жағдайда болашақты ойлап, ойланбаған қадамдарды жасамау керек. Саяси болжам көбіне мұрагерлікпен байланысты. Қоғамның тұрақты дамуы едәуір деңгейде дәстүрлердің сақталуына тәуелді.

Материалды және рухани құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа таралуынсыз қоғамда тұрақтылық болмайды, ал тұрақтылықсыз даму да болмайды, дамусыз қоғам қоғам емес. Саяси лидерлері өздерінің ізашарлары құрған саяси қатынастардан бас тартып, оларды сынап жаңа қатынастар құра бастайтын мемлекеттің тарихы да болашағы да болмайды. АҚШ саясатының тұрақтылығының себептерінің бірі – билікке жаңадан келген президент алдыңғысын сынға алмайды. Жаңа президент өзінің алдыңғысына тиісінше баға беріп, соның саясатының жалғасы болып табылатын өз саясатын жүргізеді, себебі АҚШ президенттерінің ортақ мақсаты – Америка Құрама Штаттарының ғаламдық қызығушылықтары. Өз мемлекетінің геосаяси қызығушылықтарына қатысты шешім қабылдау, олар бойынша әрекет ету жаңа президентке қиындық көрсетпейді. АҚШ сияқты мемлекеттердің саяси тарихын зерттеу басқалардыкінен едәуір жеңіл екендігі байқарлық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Смирнов Б.А. Политическая сфера общества. М., 2010
2. Поздняков Э.А. Философия политики. М.,2014
3. Дугин А.Г. Философия политики М., 2012
4. Анджей Шахай, Марек Якубовски. Философия политики. М.,2011
5. Гаджиев К.С. Политическая философия. М.,2009
6. Панарин А.С. Философия политики М.,2008
7. Пернацкий В.И. Философия политики и права. Учебное пособие.М.,2012
8. Касымжанов А.Х. Портреты: Штрихи к истории Степи Вып.1 Алматы:Ун-т "Кайнар",1995
9. Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-XXвека.Алматы: Ғылым,2001
- 10.Әлемдік философиялық мұра. 20 томдық. – Алматы, 2005-2008
- 11.Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: оқулық / Дж. Реале, Д. Антисери ; ред. Т. Х. Ғабитов. – Алматы., 2012.
12. Мырзалы С.Философия– Алматы, 2008.
13. Хасанов М. Петрова В.Джамбаева Б. Философия. А.,2014ж
14. Татьяна Хвостовицкая. Philosophy and Politics / Философия и политика. М.,2009
- 15.Гуторов В.А. Философия политики за рубежа тысячелетий : судьба классической традиций. Полис. 2001
- 16.Василенко И.А. Политическая философия. М.,2004. 204-с
- 17.Гобозов И.А. Философия политики. 1998. - 154 с
- 18.Каспэ С. Политическая форма и политическое зло. 2016. — 216 с